


«Бекітемін»

№1 «Ақерке» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісінің міндетін уақытша
атқарушы: *М.Г. Жусупова*



«Қош келдің, Әз-Наурыз»



Тәрбиеші: Толыбай Ж

Қазалы қаласы
2023-2024 оқу жылы

«Қош келдің, Өз-Наурыз!»

Мақсаты:

Наурыз мейрамы туралы түсінік беру. Балалардың ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту. Грамматикалық талғада жүйелі сөйлеуге, мерекелік көңілін көтеру, елгедеген сүйіспеншілік пен бірге, салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.

Білімділік:

Балаларға Наурыз - жыл басы, жаңа жыл мерекесі ұлт мейрамы екендігін түсіндіру. : Наурыз мерекесінің басқа мерекелерден айырмашылығын білуге үйрету.

Дамытушылық: Ата - бабамыздан ұрпақтан - ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлттық тәрбие туралы түсініктерін дамыту.

Тәрбиелік: Халқымыздың салт - дәстүрлерін сақтауға, балаларды отан сүйгіштікке, елін жерін сүю, еңбексүйгіштікке, мәдениеттілікке тәрбиелеу.

1.Жүргізуші:- Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жер әлемді жайнатып, әнші құстарды сайратып, Наурыз тойын тойлатып жаңа жыл келді.

2.Жүргізуші:- Халқымыз наурызда даланы Қызыр ата аралайды деп үйінің есігін ашып отырған. Дәстүрлі қазақ Ұлыс күнің жыл басы санаған.

Бірге: Той құтты болсын. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын.

Ән: «Наурыз көктем»

Ахмет Наурыз біздің әніміз

Наурыз біздің сәніміз

Жаңа жылды шаттанып

Қарсы алайық бәріміз.

Аружан Наурыз келді еліме,

Наурыз келді жеріме

Байлық бакыт тілеймін

Бүкіл қазақ еліне.

Ботакөз: Наурыз тойы салтанат

Наурыз тойы мархабат
Әр жүректен ән тарап,
Шаттанады шартарап

Би: «Ұлдар қазақ биі»

Дәстүр «Бала бесікке салу»

Әже: - Ал енді қазақтың әдет-ғұрпытарынан хабарларың бар ма? Сол әдет-ғұрыптан аздап әңгіме айтайын, тыңдандар. Бала дүниеге келгенде оған ат қояды. Сенің атың Айгүл, сенің атың Мұрат деген сияқты. Одан баланы бесікке салады. Бала бесікте таза болады, дене бітімі түзу болады, ұйқысы тыныш болады. Айтпақшы атасы- ау, үйдегі кішкене немерені бесікке салайық мына ұлы Наурыз тойында немерелеріміз келіп отырғанда бесікке салайық.

Ата:- Е, оның орынды келінжанға айта ғой кішкене немерені алып келсін.

Әже: - Баланы бесікке салып ұйқысы тыныш болсын деп бесікке салайық
«Бесік жыры»

Әлди-әлди ақ бөпем
Ақ бесікке жат бөпем
Жылам бөпем жылама
Жылағаның бол ма

Жүргізуші :- Ал халайық, тұрмайық,
Әндетейік, жырлайық!

Қыздар би «Қазақ би»

Ойын:«Асық ату»

Шарты: Асықты бір қатарға тізіп қойып , балалар екі топқа бөлінеді тізілген асықтарды көздеп атамыз кім көп асық құлатса сол топжеңімпаз атанады.

Жүргізуші бала:- Ән мен күйді төгілтіп,
Инжу маржан шанамайық.
Жиналған жұрт таң қалсын,
Өнерден күмбез жасайық.



Қош келдің, Әз-Наурыз!

